

АЛТАУ Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№31(41) 2 тамыз 2024 жыл

Салауатты өмір салты

БЕЛСЕНДІЛІК ӨМІРГЕ ҚҰЛШЫНЫСТЫ АРТТЫРАДЫ

Соңғы жылдары Алматы облысында аға ұрпақ өкілдерінің өмір сүру сапасын және ғұмырларының ұзақтығын арттыру, оларды қоғамдық жұмыстарға көптеп тарту, зейнеткерлердің мәдени, шығармашылық, спорттық және іскерлік өмірге белсенді атсалысуы бағытында жоспарлы түрде кешенді шаралар жүзеге асырылуда. Соның нақты дәлелі-Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қолдауымен Енбекшіқазақ ауданының орталығы Есік қаласында «Белсенді ұзақ өмір орталығы» атты коммуналдық мемлекеттік мекеменің ашылуы. Бұл мекеме 2023 жылдың ақпан айында ашылып, аға буын өкілдеріне толыққанды қызмет көрсетуде. Осыған орай біз орталықтың басшысы Жания Көпжүрсінқызы Сақташевамен кездесіп, осы уақытқа дейін атқарылған жұмыстары туралы сұраған едік.

- Жания Көпжүрсінқызы, ең алдымен Белсенді ұзақ өмір орталығы көрсететін қызмет түрінің негізгі бағыттарына тоқталып өтсеңіз.

- Белсенді ұзақ өмір орталығының қызмет түрі 8 бағыт бойынша іске асырылады: Әлеуметтік-психологиялық-сауықтыру және жасарту бойынша психологиялық тренингтер, МоСа тестілерін өткізу, есте сақтау қабілетін нығайту, геронтопсихолог дәрігердің кеңесі.

Әлеуметтік-білім беру: - ағылшын тілі, IT сауаттылық, қазақ тілі.

Әлеуметтік-еңбек-еңбек терапиясы, сәндік-қолданбалы өнер, Агротраудсорсинг.

Әлеуметтік-сауықтыру: - йога, емдік гимнастика, аква-аэробика, скандинавиялық серуендеу, Цигун, ақыл-ой қабілеттерін нығайту.

Әлеуметтік – Бос уақыт: - шахмат, тоғызқұмалақ, караоке, актерлік шеберлік, мерекелік флэшмобтар өткізу.

Әлеуметтік-мәдени: - би, хор әні, вокал;

Экотуризм-көрсетілетін қызметті алушыларды қоғамға әлеуметтендіру және зияткерлік дағдыларды дамыту мақсатында мұражайларға, саябақтарға, демалыс аймақтарына экскурсиялар жүргізіледі.

Әлеуметтік-тұрмыстық:-буфеттік тамақтану, сабақтар үшін қолайлы жағдайларды ұйымдастыру, еңбек терапиясы сабақтарына арналған материалдарды қамтамасыз ету, сыртқы еңбек терапиясына арналған материалдармен қамтамасыз ету, Фуд Хаб Коворкинг – қызмет алушылар арасында теңдестірілген тамақтану негіздерін ақпараттандыру және танымал ету, суға арналған диспенсерлер, маскалар, бахилдер.

- Орталықтан қызмет алушы қарттардың саны көп пе?

- Бүгінгі таңда орталықтан қызмет алушы адамдардың саны 400-ге жуық. Оның көпшілігі-әйелдер. Зейнет жа-

сындағы аталардың саны небәрі 90-ға жуық. Бұдан басқа жалғызбасты 4 адам, мүгедектігі бар 6 адам орталықтан тұрақты түрде қызмет алады. Өткен жылды айтпағанда 2024 жылдың басынан бері бізге тіркелген адамдарға 13748 қызмет көрсетілді.

- Денсаулығына байланысты ауруханада есепте тұрған адамдар орталықтың қызметіне жүгіне ала ма?

- Әрине. Орталыққа жазылу кезінде көрсетілетін қызметті алушылар шарт



жасасады, геронтолог дәрігерден кеңес алу үшін жеке карточка, МоСа тестінен өтеді, содан кейін геронтопсихологтан кеңес алады.Тест қорытындысы нәтижесінде: 35 азамат невропатолог дәрігерге жіберілді. Орталықтың дәрігерлері қызмет алушылармен жеке-жеке жұмыс жасайды.

Дәрігер ерте қартаюдың алдын алу мәселесімен айналысады, 61 жастан асқан адамдармен жұмыс істейді. Егде жастағы және қарт адамдардың психика-

лық және физикалық денсаулығын бақылайды. Зейнеткердің физиологиялық жағдайы мен жасына байланысты жеке ұсыныстар береді.

Дәрігердің кеңесіне 286 қызмет алушы жүгінді. Қызмет алушылардың астехондроз, қан қысымы, артрит, бел-арқа ауруларынан едәуір денсаулығы жақсарды

- Жыл басынан бері қандай іс-шаралар өтті?

- «70-80-90-шы жылдардың диско-кеші. Жастыққа оралу» атты конкурстық іс шарасы.

Жастық шақ – адам өмірінде күннің көтеріліп келе жатқан шуағы тәрізді. Ол таң сәресіндегі күннің сәулесі сияқты, келешекке мақсат қойған, сол арманына жету үшін бойы шабытқа толы, адам ойлау сезімінің толықсыған кезеңі. Орталығымызда конкурс ұйымдастырдық, қызмет алушылардан 3 топ қатысты. «Үздіктер», «Золотые года», «Алтын адам». Конкурс 5 этаптан тұрды: стиль, макияз, шаш үлгісі, харизма, дефиле. Осы этаптар бойынша өнер көрсетті. Қазыалқалар мүшесі өз бағасын берді. 65 адам қатысты.

Ағымдағы жылдың 25-ші ақпанында Алматыда қысқы Winter Run 2024 марафоны өтті. Оған «Белсенді ұзақ өмір орталығы»-ның қызмет алушылары Искалиева Шолпан, Накенова Марьям, Мамбеткаримова Сауле және директордың орынбасары Мамешова Гульнара Аширбековна, скандинавиялық жаяу жүру нұсқаушысы Заридзе М.Г. және әлеуметтік қызметкер Тілеуберген Б.Ж. қатысты. Скандинавиялық жүріспен айналысатындар 7 шақырым қашықтықта бәсекеге түсті. Алаңның медициналық шатырлармен қамтылып, тәртіп сақшыларының жіті бақылауында болуы да марафонның өз деңгейінде ұйымдастырылғанын көрсетті. Жарыс соңында мақтау қағаздарымен және медальдармен марапатталды.

(Жалғасы 2-бетте)

ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

Алматы облысында қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін зауыт салынады

Алматы облысының Іле ауданында қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін заманауи және инновациялық зауыттың алғашқы кірпішін қалау шарасы өтті, деп хабарлайды Azattyq Rhy.



Қалдықтарды өңдеу тиімділігін арттыру мақсатында «Қатты тұрмыстық қалдықтарды қалдықсыз өңдеу техно-экопаркін салу және іске қосу» жобасы жүзеге асырылады. Жиынға ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің, сондай-ақ Алматы облысы әкімдігінің өкілдері қатысты.

«ADS Taza A'LEM» ЖШС директоры Ерлан Дүйсебаевтың айтуынша, зауыт күнделікті және осы уақытқа дейін полигонда жиналған қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеуге арналған. Болашақта зауыт 170-180 адамды жұмыспен қамтымақ.

19 детей обучали в подпольном медресе в Алматинской области

Прокуратура Карасайского района в рамках проекта «Счастливое и безопасное детство» совместно с правоохранительными органами выявила подпольное религиозное медресе, где незаконно воспитывались 19 детей, передает корреспондент агентства Kazinform.

- На территории частного дома уроженец Таджикистана обучал детей, используя религиозную литературу с арабскими надписями. В ходе осмотра изъято 179 экземпляров религиозной литературы, а также мобильный телефон марки iPhone и ноутбук марки HP. По данному делу назначены соответствующие экспертизы. В настоящее время все дети возвращены родителям, сообщили в областной прокуратуре.

«Тұрғынға қол жұмсаған»: Алматы облысында ауыл әкіміне қатысты қызметтік тергеу басталды

Алматы облысы Талғар ауданы Тұздыбастау ауылының әкімі тұрғынға қол жұмсады деп айыпталып отыр. Қазір қызметтік тергеу жүріп жатыр, деп хабарлайды облыстық әкімдік.

Тұздыбастау ауылдық округі әкімі ауыл тұрғынына қарсы күш қолданып, Әдеп кодексіне бұзған деп айыпталып отыр.

«Тұрғындардың бірі бекітілген ауылдық округтің бас жоспарына қатысты наразылығын білдірген. Оның жер учаскесі қызыл сызыппен өтетіні белгілі болған. Осыған байланысты тұрғын мен ауылдық округ әкімінің арасында жанжал болған», - дейді облыс әкімдігінің баспасөз қызметі.

Ауылдық округ әкіміне қатысты Талғар ауданының әкімдігі мен полиция басқармасы тарапынан қызметтік тергеу жүріп жатыр.

«Әкімнің кінәсі расталған жағдайда оның жауапкершілігі Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесінде қаралады.» - дейді Алматы облысының әкімдігі.



БҮГІНГІ САҢНАН ОҚИТЫҢДАРЫҢЫЗ:

АЛТЫН ТОЙҒА ЖЕТУ ДЕ АРМАН



2-бет

ЕЛУ БЕС ЖЫЛДАН КЕЙІНГІ ЖҮЗДЕСУ



3-бет

ҚАЗЫНАЛЫ МЕКЕНДЕГІ ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРА



3-бет

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ БАСТЫ МАҚСАТ



4-бет

Салауатты өмір салты

Тыл ардагері

КҮЛЖАХАН АПАМЫЗ ТУРАЛЫ АЙТСАҚ...

Талғар ауданына қарасты Тұздыбастау ауылының қалыптасу дәуірінің басында талай азаматтардың болғаны тарихтан белгілі. Солардың бірі-ер азаматтармен үзеңгілес болып, тылда жанқиярлықпен еңбек еткен Иманбаева Күлжахан Жайлаубайқызы.

Ол кісі 1936 жылы Алматы облысы, Талғар ауданы (бұрынғы «Калинин» колхозы) Тұздыбастау ауылында дүниеге келген. 1943 жылы «Калинин» колхозындағы №70 орта мектептің 1-сыныбына қабылданады. Мектепте озат оқушылар қатарында болған. Алайда, 1949 жылы отбасылық жағдайына (анасының денсаулығы сыр беруіне) байланысты, оқудан шығып, қара жұмысқа араласуына тура келген. Соғыстан кейінгі ауыр жылдары тылда қызмет етіп, жастығына қарамастан радуан арбасын айдап, бидай бастырған. 1955-1960 жылдары винзаводта жұмыс істеген. 1960-2002 жылдар аралығында 42 жыл бойы мал бағып, шопан болып жұмыс істеген. Коммунистік партия мүшесі, селолық, аудандық советтің депутаты болып сайланған.

Әкесі Шатекөв Жайлаубай көп жылдар бойы «Калинин» колхозының «Тауық базасында» бригадир болып еңбек етіп, 1941 жылдың көктемінде Алматы қаласынан Ұлы Отан соғысына аттанады. 1942 жылы «соғыстан хабарсыз кетті» деген суық хабар келеді.

Анасы Шатекөва Бейғайша соғыс жылдары «Калинин» колхозында арбашы болып, шалғы шауып, масақ жинап, тылда еңбек еткен.

1955 жылы «Калинин» колхозының азаматы Иманбаев Қожахметке тұрмысқа шығып, 4 ұл, 2 қыз баласын дүниеге алып келген. 1955-1960 жылдары Иманбаев Қожахмет Алматы қаласында өрт сөндіру мекемесінде қызмет атқарған. 1960 жылдан бастап отбасымен ақылдаса келе «Калинин» колхозының малын алып, шопан болуды ұйғарған. Жыл сайын өте белсенді шопан атанып, 1969 жылдан бастап коммунистік партия мүшесіне қабылданған. Жылдық жоспарды артығымен орындап, көптеген марапаттарға ие болған.



Иманбаева Күлжахан – Талғар ауданының құрметті азаматы, көпбалалы ана, күміс алқа иегері. Қазіргі таңда бейнетінің зейнетін көрген абыз ана, 17 немере, 27 шөбере сүйіп, тамырын тереңге жіберген мәуелі бәйтерекке айналуда.

Ауған ҚЫПШАҚОВ,
Алатау ардагерлері кеңесінің,
Алаш билері кеңесінің мүшесі, Тұздыбастау ауыл
ақсақалдары кеңесі төрағасының орынбасары.
Талғар ауданы.

Өнегелі отбасы

АЛТЫН ТОЙҒА ЖЕТУ ДЕ АРМАН

Алтын тойға жеткен де бар, жетпеген де бар. Алла өзі іріктеп, бұл күнге алтын жүректі, алтын мінезді адамдарды ғана жеткізеді. Сол бақытқа жеткендердің бірі-аққу қаздай жүзген қос жұп Дәуренбеков Ноғайбек Хасенұлы мен Қойшыбаева Раиса Тұрсынбекқызы.

Бұл алтын той иелерін мен 1978 жылдан бері білемін. 1978 жылы оқу орнын бітіріп келіп, Шошанай сегізжылдық мектебіне мұғалім болып

жүрді. Менің анам мұғалім мен дәрігер мамандығын өте жақсы көрген. Мұғалімдерді ерекше құрметтейтін. Әкем Әбілжан «Ноғайбекті тамаққа



орналастым. Менің педагогикалық шеберлігімді ескеріп, сол кездегі аудандық білім басшысы Ғұламдун Жамалдинов аудан мектептерін тексеру жұмысына комиссия құрамына қосты. Сол комиссия құрамында жүргенде Ноғайбек ағамен таныстым.

Кейін Ноғайбек аға Шошанайдағы 8 жылдық мектебіне директор болып келді. Шошанай мектебін орта мектепке айналдыруда Ноғайбек аға көп еңбек сіңірді. Ауылдағы ағалар мен апаларға он жылдық мектепті құру туралы өз өтінішін айтты. Ауыл тұрғындары құптады. Марқұм Әуелхан аға, Әшімхан аға, Тұран, Ноғайбек аға 40 оқушыны демалыс күні тауға апарып, құрылыс материалдарын есекпен тасып, екі бөлмені мектепке қосып, 10 жылдық орта мектеп ашты. Сол еңбегі әлі күнге дейін ел аузында. Бұрын сегізжылдық мектеп бітірген соң бәрі жан-жаққа кетіп, туған-туыс, интернат жағалайтын еді. Қазір ауыл балалары 9-сыныпты бітірген соң өз ауылдарында оқуларын жалғастыра береді. Алғаш тез көшіп келе қойған жоқ. Сол кезде біздің үйге келіп, кетіп

шақыр» деп ылғи ескертіп отыратын. Ноғайбек аға анамның кеспе көжесін мақтай отырып ішетін. Біраз уақыттан соң отбасымен көшіп келді. Раиса тәтені алғаш көргенде сіңлім Майра екеуіміз «Меруерт Өтекешоваға қалай ұқсайды, әдемі екен» деп тамсана қарап, сол кісіден үлгі алу дан жалыққан емеспіз. Раиса тәтем өте сабырлы, ұстамды болды. Сол кісіге ұқсап Майра сіңілім математик болды. Анам марқұм «келінім Раисадай болса екен» деп армандаушы еді. Арманы орындалды. Үш келіні Раиса тәтемдей ұстамды, сабырлы, тәзімді, ақылды. Раиса тәте біздің үйімізге өз балаларымен келді. Жаңадан көшіп келгенде жаңа жылды біз бірге қарсы алдық. Ноғайбек аға Шонжыдан өз үйіне бір қорап, біздің үйге де бір қорап балмұздақ әкелді. Әлі күнге дейін іні, сіңілілерім сол күнді еске алады. Раиса апайдың әкесі мен шешесін көріп, таң қалған. Өте парасатты, кез келген адамға үлгі бола алатын жандар еді. Әкесі «Судьба человека» деген фильмдегі Захардың ролін сомдаған актер Евгений Матве-

евке қатты ұқсайтын. Анасы қандай керемет жан. Бүкіл жұртқа үлгі болған ана.

Ноғайбек ағаның әкесі мені көрген сайын «Шошанай қыз, қалайсың» деп қоятын. Анасы да бүкіл ауылға үлгі бере алатын ұлын ұяға, қызын қияға қондырған асыл адам. Әке – шешелерінен үлгі, өнеге алған Раиса апай мен Ноғайбек аға өз балаларын да өздері сияқты үлгілі етіп тәрбиеледі. Отбасында 6 бала өмірге келді. Үлкені Олжас Астанада тұрады. Мамандығы финансист, келін Жұлдыз – гидрометеоролог. Гаухар – жеке кәсіпкер, күйеу бала Ербол – жол инженері, Лаура – Назарбаев Университетінде оқытушы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор. Күйеу бала Қанат – ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты. Ләйлә-Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетінде әдебиеттанушы мамандығы бойынша магистратура студенті. Нұртас – Ұйғыр аудандық кірістер басқармасының басшысы. Келін Гүлден – мұғалім. Жанар – мұғалім. Күйеу бала Елмар – жеке кәсіпкер. 16 немерелері бар.

Париж Олимпиадасында Елдос баламыз алтын алып, бүкіл ел – жұрт қуанып жатқанда аға мен тәте өздерінің алтын тойларын өткізгелі жатыр. Алтын той құтты болсын!

Екеуі де өз өмірлерінің саналы ғұмырын оқу, ағарту ісіне арнап, талай шәкірт тәрбиеледі. Зейнеткерлікке шыққаннан соң екеуі қарап отырған жоқ. Жеке меншік бала – бақша ашып, сол жерде болашақ ұрпақты тәрбиелеуде. Ноғайбек – аудандық қоғамдық кеңес мүшесі. Раиса апай-Жанабай Құдайбергенов атындағы мектептегі ардагер ұстаздар ұйымының төрайымы. Екеуі де аудандағы кез келген іс – шарадан тыс қалған емес.

Алтын той иелерін құттықтаймын. Мына өлең жолдары сіздерге арналады:

50 жыл бақыт сізге бұйырыпты,
Ағайын қуанышқа жиылыпты.
Бұл күнге жеткен де бар жетпеген де,
Алтын тойда бақыт нұры құйылыпты.
Өсіп – өніп көркейдің ұл – қызыңмен,
Биік тұрғын жарқырап жұлдызыңмен.
Немерелер көбейіп, өсіп, өніп,
Шөберенмен бақытты бол,
құндызыңмен.

Рая САРТОЛОВА,
Ұйғыр ауданы ардагер әжелер
кеңесі төрайымы.

Белсенділік өмірге құлшынысты арттырады

(Басы 1-бетте)

Наурыз айында біздің орталықта Алғыс айту күні, 8 Наурыз – Халықаралық Әйелдер күні, 22 наурыз – Ұлыстың ұлы күніне байланысты іс-шаралар өтті. 206 адамға дейін қамтылды. Айталық, Еңбекшіқазақ ауданының Наурыз мерекесіне «Белсенді ұзақ өмір орталығы» қатысты. Наурыз – көктем мен жаңару мерекесі. Наурыз мейрамы ЮНЕСКО-ның адамзаттың мәдени мұрасы тізіміне енді. Біздің Орталық баннерлері бар киіз үй орнатты. Іс-шарада әндер, күйлер, билер орындалды, ең бастысы барлығының көңіл-күйі көтеріңкі болды. 100-ден астам адам киіз үйімізді аралап, тәтті тағамдарымыздан дәм татты.

Үстіміздегі жылдың мамыр айында Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласындағы Белсенді ұзақ өмір орталығы Алматы қаласындағы «Белсенді ұзақ өмір орталығымен» бірлескен «Агрокраудсорсинг» аумағында көктемгі егіс маусымын ашуға арналған іс-шара өткізді. 1-мамыр Бірлік күні және 9-мамыр Жеңіс күні де аталып өтті.

Ауылшаруашылық жұмыстарына тарту ашық ауада демалуға мүмкіндік береді, физикалық денсаулықты нығайтады, психоэмоционалды жағдайды жақсартады. «Агрокраудсорсингтің көктемгі маусымының ашылуының» ең басты оқиға-



сы қызмет алушылардың хорлар мен би ұжымдарының қатысуымен өткен мерекелік концерт болды. Бұл шараға 60-тан астам қарт адамдар қатысты.

Мамыр айының бірінші онкүндігінде қызмет алушылар арасында «Денсаулық-спорт-әдемілік» атты спорттық фестиваль өтті. Эстафеталық жарысқа 3 команда қатысты. Жарыс өте көңілді өтті, спортты жақсы көретін, денсаулығын күтетін біздің орталықтың қызмет алушылары жарыста белсенділіктерін танытты. Оған 30 адам қамтылды.

15 мамыр – Халықаралық Отбасы күніне байланысты қызмет алушылармен дөңгелек үстел форматында отбасылық құндылықтар туралы тақырыпта кездесу өтті. Кездесуге 7 адам қатысты.

Сол сияқты Алматы қаласындағы «Тау Jarys 2024» марафонына Белсенді ұзақ өмір орталығының белсенді қызмет алушысы Сауле Мамбеткаримова қатысып, жүгіру 60+ жас аралығының 4 орынға ие болды.

Маусым айының басында түрлі-түсті кеш өткізілді. Түрлі-түсті кеш тақырыбына арналған кеш-бұл көңілді және көптеген жағымды эмоция сыйлаудың жолы. Мұндай мерекенің негізгі идеясы - белгілі бір түсті киіммен келу, сонымен қатар ұқсас реңктегі тағамдарды алып келу. Бұл кешке зейнеткерлеріміз үлкен белсенділікпен қатысты.

Сол сияқты Есік археологиялық өлкетану музейінде жерлесіміз, Қазақстан республикасының мәдениет саласының үздігі, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстан суретшілер, дизайнерлер одағының мүшесі Құрманғазы Қадыровтың «Шеберлік - шегі жоқ байлық» атты шығармашылық көрмесінің ашылуы өтті. Көрмені мәдениеттанушы, өнертанушы, ЮНЕСКО жанындағы өнер сыншылары қауымдастығының мүшесі Ли Камилла Витальевна және қала тұрғындары тамашалады. Көрмеде Қ.Қадыров өз туындыларын таныстырды. Біздің орталықтың қызмет алушылары көрмені тамашалап қайтты.

Маусым айының соңғы күндері «Белсенді ұзақ өмір орталығының» скандинавиялық жаяу жүру инструкторы Мұхтар Григорьевичпен бірге қызмет алушылар спорттық туризм бойынша әлем кубогында Nordic Walking тобында марафонға қатысты. Жарыс халықаралық скандинавиялық ережелер бойынша өтті. Барлық қатысушылар жақсы нәтиже көрсетті.

Біздің бір байқағанымыз егде жастағы адамдардың өзіне көп нәрсе байланысты. Денсаулығын жақсартып, ұзақ өмір сүруге ұмтылған зейнеткерлер орталықтың қызметін пайдалануға асығып тұрады. Біздегі қызметтерді пайдаланып, әр түрлі шараларға белсене қатысқан олар ауруларын ұмытып, көңілдері көтеріліп, жандары жадырап қалады. Белсенділік өмірге құлшынысты арттырады. Біз қашан да келген адамдарды қуана қарсы аламыз.

- Әңгіменізге рахмет, Жаняна Көжүрсінқызы. Қол жетімді демалыс және білім беру инфрақұрылымын дұрыс жолға қойып, белсенді ұзақ өмір сүру мәдениетін қалыптастыру бағытында үлкен жұмыс жасап жатқан сіздердің орталықтың жұмысына сәттілік тілейміз.

Роза АЙДАРБЕКОВА.

Тағлым

ЕЛУ БЕС ЖЫЛДАН КЕЙІНГІ ЖҮЗДЕСУ

Өмірге бір-ақ рет келетін адам баласының бастан кешер оқиғалары қилы-қилы болатынын көзімізбен көріп, көңілімізге тоқып жүретініміз жасырын емес. Күреспенен өтетін өмір белестерінің қуаныш пен қайғыдан тұратыны тағы бар. Соның ішінде адамдардың сағыныш сазымен салтанатты түрде басқосулары есте қаларлықтай болып ерекшеленіп тұрады.

Жақында сондай бір салтанатты сәттің куәсі болғанмыз бар. Осыдан 55 жыл бұрын (бұрынғы Нарынқол) қазіргі Райымбек ауданының Сарыбастау ауылын-

Жарты ғасырдан астам уақыттан кейін бас қосып отырған екі сынып түлектерінің өткен өмірлері тағлым аларлық тәрбиеден бастау алады екен. Оған олардың өмір жолдары-

буыннан еді. Қазіргі ныспыларына қарасаң самай шаштары ағарып, жас шамалары жетпіс жастың бел ортасын алқымдап қалғандары анық көрініп тұр. Осынау кездесуді ұйымдастыруға мұрындық болған, осы сыныптың түлегі Әбдіқадыр Кабылдаев пен оның сүйікті жары Күміс Мәнкееваның атап айтарлықтай айырықша еңбектері бар. Осындай жақсы іске жанашыр болғанда не жетсін.

Әбдіқадар кезінде осы сыныптастарымен аталған мектепті бітіріп, Қазақ ауыл шаруашылығы институтының орман шаруашылығы факультетінде үздіктер тобынан көрініп, лениндік стипендиат болып бітірген еді. Содан Нарынқол орман шаруашылығы мекемесінде осы мамандығы бойынша 35 жыл табан аудармай, табандылықпен абыройлы да жемісті еңбек етті. Ол үшін бұдан асқан бақыт баспалдағы жоқ шығар.

Оның сыныптастарының қай-қайсысы болса да қоғам мен елі үшін ересен еңбек үлестерін қосты деп айтуға болады. Мәселен, Әлімбаева Гүлжахан-бүгінгі күні Қазақ ұлттық педагогика университетінің оқытушысы. Ол-педагогика ғылымдарының кандидаты, халықаралық педагогикалық білім беру академиясының академигі.



Ал, Дарытова Гүлбаршын болса, 10 бала тәрбиелеген батыр аналар қатарынан. Оның құрбылары Гүлсім Қыбыраева, Тұрлықан Тоқтасынова, Зирашқұл Ұлдарбекова, Жұмақан Баққожаева, Бүбіқан Момбаева, Мария Әлімғожаева, Күлсімқан Байжігітова, Күлшат Асановалар да-елеулі еңбектерімен ел назарына іліккен алтын алқа иегерлері. Бұл жерде Сауданқан Панаділова, Бердіқан Қоқымбекова, Алтынкан Рысбековалардың да халықтың алдындағы абыройлары биік, мәртебелері жоғары екені мекендестеріне бесенеден белгілі.

Ерлер арасынан да топжарғандар қатары баршылық. Энергетик Мұхаметхан Мырзашев, ауыл ең-

бектері атанған Әбілез Дәулетбаев, Тұрлыбек Жанаділов, Құдайберген Қожаберген, Нұрихан Әділовтер де-ауыл мақтанышына айналған азаматтар. Екі күнге созылған түлектер жүздесуі ғанибет десе де болады. Олар өмірден өтіп кеткен ұлағатты ұстаздары мен парталастарының әруағы мен рухына дұға бағыштап, шеттерінен емірене еске алды. Қазір зейнеткерлер әрі ардагерлер атанған ардақтылардың бұл жүздесулері жас ұрпақ үшін алар тағлым мол. Бізді осы жағы қуантады.

Қанат ТӨКЕБАЕВ,
журналист.
Райымбек ауданы.



дағы (бұрынғы В.И.Ленин) қазіргі Сұраншы Сауранбаев атындағы орта мектепті бітірген түлектердің сартап болған сағынышқа толы кездесулері мен жүздесулері болды.

на ден қойған сайын көзіміз жете түсті.

Заман ағымына орай олар ол кезде жалын атып тұрған бозбала мен бойжеткен атанған жас толқын

Шалсай ауыл шаттығы

ҚАЗЫНАЛЫ МЕКЕНДЕГІ ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРА



Жуырда Текес және Жаңа Текес ауылдарының басын біріктіріп отырған Текес ауылдық округінде «Қазына тұнған – құт мекен» атты шара өткізілді. Округтегі аналар кеңесі мен мәдениет үйінің өнерпаздары, ауыл жастары ұйымдастырған шараның өз мақсатынан табылуына екі ауылдағы ақсақалдар алқасы, білім ошақтары, балалар бақшасы, денсаулық сақтау, пошта-байланыс саласының жұмысшы-қызметкерлері, кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары, қоғамдық ұйым өкілдері атсалысты.

Аты айтып тұрғандай, бұл аймақ қазына тұнған деген ұғымға әбден лайық. Бір кездері осы жерде атақ-абыройы республикаға танылған ауыл шаруашылығы болды. Осы жерде аудандық дәрежедегі астық қабылдау пункті, автотранспорт кәсіпорны, колхозаралық құрылыс ұйымы, электр жүйесі, «Казсельхозтехника» бірлестігі, жанар-жағар май стансасы, газ тарату мекемесі сияқты ірі-ірі еңбек орындары болды. Екі ауылдың арасын жалғап жатқан осынау еңбек орындарындағы қазандай қайнаған тіршілік тұрғындардың әлеуметтік жағдайларының жақсаруына, ауыл мәдениетінің көтерілуіне лайықты ықпал етті. Ауыл тұрғындары ынтымақтарын ыдыратқан жоқ. Ынтымақ бар жерге ырыс ұялайтынын адами құндылыққа негізделген ұлағатты ұғымдар арқылы дәлелдеді. Атақоныс, алтын ұяларын қазына тұнған құт мекенге балады.

Осы бір көптің есінде ұзақ сақталатын айтулы күнге екі ауылдың үлкендері басшы, кішілері қосшы болғаны шара барысында айқын аңғарылды. Қос мекеннің Қапержан Әбдіганиев, Бурақан Диканбаев, Жақсылық Байсеркеев, Жақыпберді Ысқатов,

Жақыпқын Оразаев, Сейфолла Қойбеков, Алтай Байбосынов, Советжан Дәленбаев сияқты қазыналы қарттары мен Айша Ахметова, Нұргүл Жұмағұлова, Тұрсынбай Әбиева, Күлпара Жүнісбекова, Гүлбану Мұқаметжанова, Ұлмекен, Күлсімқан сияқты ақ жаулықты аналары, Әкімхан Нүсіпқожаев, Мұрат Малдыбаев, Ерсай Накысбекұлы, Нұрмұханбет Мұқаметжанов, Тілеу Сатылғанов, Зікірия Ділдебаев, тағы басқа да шаруа қожалығының басшылары мен кәсіпкерлер жастардың ақылшысы, ауылдың береке-бірлігінің алтын дінгегі іспетті. Екі ауылдың барша жаны осынау аяулы азаматтарын арқалайды, мақтан тұтады, қадір-қасиеттерін өздеріне үлгі етеді. Өнегелерін өрістетеді.

Бұл күні Текес пен Жаңа Текестің ортасына, өзеннің жағасына тігілген ою-өрнекті қазақ үйлердің төріне жайғасқан қазыналы қариялар әдет-ғұрып, салт-дәстүрге байланысты, бұрынғы өткен бабалардың ерлігі мен данагөйлігіне қатысты әңгіменің тиегін ағытты. Ән әуелеп, күй шалқыған салтанатты сахна, жастардың ойын-сауығының сәні

саналатын алтыбақан, көрмеге қойылған ауыл шаруашылығы өнімдері мен ұлттық нақыштағы қолөнер бұйымдары, қазақ үйдің жасау-жабдықтары, жергілікті қылқалам шеберлерінің майлы боямен салынған көркем туындылары көрерменнің көзайымына айналды. Шараға арнайы келген аудан әкімінің аппарат жетекшісі Гуля Кенебаева мен меймандарды ауылдың жуырда ғана сайланған әкімі Жәніс Қозыбақов, «Қызғалдақ» бөбекжай-балалар бақшасының басшысы Лиза Көшкенова, Қ.Шорманов атындағы орта мектептің мұғалімі Мәлдір Елеусізовалар таныстырды. Көпшілік шараның мәні мен мақсаты, маңызы туралы молынан хабардар болды. Шеберлердің қолынан шыққан алаша тоқу, киіз басу, құрақ құрау, сырмақ, көрпе, жастық сияқты тұрмыстық заттар жасалу жолдары-

на, ірімшік қайнату, қатық сүзіп, құрт жасау, арпа, бидай, тары қуыру, келі-келсаппен түйіп, жармалау сияқты ұлттық тағамдардың ұмыт бола бастаған қыр-сырына қанықты. Шара барысында халықтың әдет-ғұрыпқа тән көнеден келе жатқан тағы бір мұрасы «Сүндет тойдың» мәні мен мақсаты, жөн-жоралғысы, дәстүрге сай атқарылуы көптің көз алдында орындалды. Ақсақалдар ақ баталарымен алқады. Ақ кимешекті аналар шара табақтан шашуларын орындап, сүндет той құрметіне арналған халық әндерін мақамына келтіре шырады. Сахна төрінде Текес өнер мектебі ұжымы мен мәдениет үйінің жанынан құрылған «Ақтолқын» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің орындауындағы Қожеке Назарұлының «Ақтолқын» күйі, Айбек Уәлиханов орындаған «Ауылға сағыныш», аналар кеңесінің төрағасы Нұргүл Жұмағұлова жетекшілік ететін «Ақ әжелер» ансамблі әулеткен халық әндері, Сапара Алтынайдай күміс көмей әншінің орындауындағы «Майлығожаның термесі», «Өмір термесі» сияқты тағылымға толы әндер тыңдарман құлағының құрышын қандырды. Жүректерін жылытып, бойларын балқытты. Қыз қуу, аударыспақ, теңге ілу, қошқар көтеру, қазақша күрес, тоғызқұмалақ, қол күрес сияқты ұлттық спорт ойындары да думанға думан қосып, шараны одан әрі қыздырды. Жұртшылықтың басын қосып, ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрді қайта жаңғырту, береке-бірлік, татулық пен бауырмалдық, сыйластық атты құндылықтарды бүгінгі ұрпақтың бойына сіңіруді мақсат еткен «Қазына қонған-құт мекендегі» танымдық шара мән-мағынасымен ауыл тұрғындарын үлкен әсерге бөледі.

Алина МҰРАТБЕКҚЫЗЫ,
Текес ауылы,
Райымбек ауданы.



«Таза Қазақстан» акциясы



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ – БАСТЫ МАҚСАТ

Үстіміздегі жылдың 25 шілдесінде Қонаев қаласының маңындағы Қапшағай көлінің жағалауында «Таза Қазақстан» акциясы өтті. Аталмыш акцияға қалалық, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағалары, әр ауданда құрылған «Алатау жастары» жастар ұйымының мүшелері қатысты.

Облыстық туризм бөлімімен біріге отырып жасалған бұл акцияда Қапшағай көлінің жағайлары тазартылды. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетов жастарға қоғамдық орындар мен қоршаған ортаға жанашыр көзбен қарау керек екенін ескерте отырып бүгінгі акцияның басты мақсаты – экологиялық мәдениетті қалыптастыру екенін алға тартты. «Адал адам- Адал еңбек-Адал табыс» тұжырымдамасы негізінде отансүйгіштікті, табиғатты қорғауға, қоршаған ортаға деген жанашырлық құндылықтарды дәріптеу екендігін қадап айтып, алдағы уақытта бұл шараның өз жалғасын табатындығына сенім білдірді.

Зура НҮРПЕЙІСОВА.



Шахмат

ТАРТЫСТЫ ӨТКЕН БӘСЕКЕЛІ ОЙЫН

Райымбек аудандық спорт кешенінде шілденің соңын ала бұқаралық спорт түрі саналған шахматтан жарыс өткізілді. Облыстық деңгейде 3-кезенде өткізіліп отырған бәсекеге 8-18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер, осынау ой спортының жандарына жастайынан серік еткен ересектер, жастары 60-тан асып, 80-ді алқымдаған қазыналы қариялар қатысып, шахматтың жылдам аталатын түрінен Алматы облысының кубогын сарапқа салды.

Жөн-жосығы бөлек шараның салтанатты ашылу рәсімінде айтулы бәсекеге үміттерін үкілеп келген 70-тен аса ойыншылар жарыс жолындағы қадамдарын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимніне құрмет көрсетуден бастады. Алғашқы болып сөз тізгінін ұстаған «Алматы облысының шахматтан және үстел ойындарынан мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің» директоры Мейрей Әйнеков үстел үсті ойындарының мәні мен мақсатына қысқаша тоқталды. Аталған спорттың облыстағы даму барысы туралы хабардар етті. Облыстың барлық аудандарынан келген шахматшылардың қадамдарына құтты болсын айтып, бәсекелі ойында сәттілік тіледі.

Келесі кезекте сөз алған Райымбек аудандық «Дене шынықтыру мен спортты дамыту орталығының» директоры Дәнияр Ғабиден, Қазақстан шахмат федерациясының Алматы облыстық филиалының атқарушы директоры, осынау жарыстың бас төрешісі Сәрсенғали Жанқуатов ақ ниет, ыстық ықыластарын арнады. Салтанатты рәсім аяқталысымен жарысқа қатысушылар 8-10, 10-18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер, ересектер болып үш топқа бөлініп, шаршы тақта үстіндегі әр партия 10 минут 5 секундқа белгіленген жылдам шахмат ойынына кірісіп кетті.

Осы орайда мына мәселеге айрықша мән бере кеткен орынды. Ол – бүгінгі таңда республика көлемінде шахмат пен дойбы, тоғызқұмалақ, биллиард сияқты үстел үсті ойындарының бұқаралығын арттыруға мемлекеттік деңгейде жеткілікті көңіл бөлініп отырғандығы. Аталған спорт түрлерін дамыту мақсатында қазір 17 облыс пен 3 қалада шахмат федерациялары құрылып жұмыс істеуде. Олардың 20 өңірден ашылған филиалдары бар. Қазір бұл құрылымдарда дәріс алушылар ой спортындағы шеберліктерін елімізде ғана емес, Азия мен Әлемдік деңгейде сарапқа сала алатын дәрежеге жеткен. Дүбірлі додаларға қатысып, ел қоржынын толағай табыстармен толтырып жүрген саңлақтар да аз емес. Солардың қатарында 2023 жылдың қаңтарында Алматы облысы әкімдігінің қаулысымен Қонаев қаласынан ашылған «Алматы облыстық



шахмат және үстел үсті ойындары спорт мектебінің» шәкірттері де бар. Мәселен, Қалиахмет Елназ шахматтан Италияда өткен Әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанса, Иманғали Ақылбай, Жансая Шолпанбектей спортшылар биыл Шриланкада өткен Азия чемпионатында жеңіс тұғырының жоғары сатысынан орын алыпты. Батыр Ернұр тоғызқұмалақтан Алматы облысы бойынша тұңғыш әлем чемпионы атағын жеңіп алса, Томирис Дәулетбек 2023 жылы Моңғолияда өткен бәсекелі жарыста Азия чемпионы атаныпты. Осының бәрі де

республикадағы ой спортының дамытуға деген ынта ықыластың артып келе жатқанын аңғартса керек. Қазір облыстық мектептегі 670 оқушының 250-і шахмат ойынына машықтанып жүргендер. «Бұлақ көрсең көзін аш» деген ұлағатты ұғыммен қанаттанған облыстық мектептің жаттықтырушылары да жасөспірімдердің ой спортына деген шеберліктерін арттыруға барынша күш-жігерлерін жұмсап келе жатқанын айтқан орынды.

Сонымен күн сәскеге тармаса басталған ойын екінтіні аударып барып, өз мәресіне жетті. Жарыстың қорытындысы бойынша 8 жасқа дейінгі ұлдар арасындағы бәсекеде Талғар ауданынан келген Тәуекел Қасымхан, Дәулет Дәрменияр, Нұрғазы Елдар 1,2,3 орындарды жеңіп алды. 10 жасқа дейінгі қыздар арасындағы жарыстың жеңісі тағы бір талғарлық Нұрия Бұланбаеваның қанжығасына байланды. 12 жасқа дейінгі ұлдар арасындағы жарыста талғарлық Әміртай Әлихан бірінші орынды иеленсе, Іле ауданының шахматшысы Айдынулы Нұрдәулет жүлделі екінші орынды, талғарлық Биет Нұрбек үшінші орынды иеленді. 12 жасқа дейінгі қыздар арасындағы жарыста талғарлық Айшуақ Ерлікқызы, Амина Газиева, Дария Бұланбаева 1-3 орындарды өзара бөлісті. 14 жасқа дейінгі ұлдар арасынан талғарлық Нұржан Тілеубай, Іле ауданынан Жүрсін Нұрболат, Қайрат Құбылайдың мерейлері үстем болды. 14 жасқа дейінгі қыздардан талғарлық Әмина Назар, Көгершін Нұрғазы, Ілелік Айзерә Иса жеңіс тұғырына көтерілсе, 16 жасқа дейінгі ұлдардан талғарлық Мұқан Асылқан мен Ұйғыр ауданының ойыншысы Ярлин Якупов, қыздардан талғарлық Мәдина Қадыр мен Ұйғыр ауданынан келген Лашын Мақсұтова жеңімпаз деп танылды. Ересектер арасынан өнегелі ойын өрнегін көрсеткен Іле ауданының шахматшысы Қарлығаш Сейітов бірінші орынды айқын басымдықпен жеңіп алды. Екінші орынды Талғар ауданының ойыншысы Ерлан Нұрмұханбетов иеленді. Ілелік Нұрболат Қашабай үшінші орынды қанағат тұтты. Сондай-ақ, әйелдер арасынан Райымбек ауданының Эльмира Тұрсынбай, Құндыз Қорабай сынды саңлақ шахматшылары жеңіс тұғырына көтерілді. Жеңімпаздарға шахмат федерациясының арнайы медальдары мен дәрежелі дипломдары, мақтау қағаздары тапсырылды. Сондай-ақ, дүбірлі бәсекеде белсенділік танытқан Райымбек ауданының Ерболат Несіпбаев пен Мұшан Қоқымбаев сынды қарт ойыншыларына да лайықты құрмет көрсетілді.

Дәнияр ҒАБИДЕН,
Райымбек аудандық дене шынықтыру мен спортты дамыту орталығының директоры.

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сықымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Бошақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 3917
Тапсырыс №1322
Индексі – 65472.